

Бекітемін 
 Мектеп директоры: К. Ешанқұлов

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі «Сыр мен сымбат» қыздар клубының жылдық жоспары

2023-2024 оқу жылы

қ/с	Атқарылатын жұмыстар	мерзімі	Түрі	Жауаптылар
1	5-11 сынып қыздарының есебін алу, қыздар жұмысын ұйымдастыру «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында баяндама	Қыркүйек	Жиналыс	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
2	Жергілікті аурухана дәрігерлерімен «Қыздардың жеке гигиенасы» жайлы тақырыпта дәрістер ұымдастыру	қазан	Дәрістер	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
3	«Күз аруы-2023» байқау өткізу «Ерте жүктіліктің алдын алуы» жиналыс өткізу	қараша	Байқау	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
4	Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай «СПИД – ХХІ ғасыр дерті» тақырыбында баяндама оқу Түсіндіру жұмыстарын жүргізу	желтоқсан	Жиналыс	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
5	«Қыз бен ұлдың арасындағы достық» тақырыбында 5-8 сынып қыздарына дәріс оқу	желтоқсан	Тренинг сабақ	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
6	«От басып қалмашы қазақ қызы» қыздар арасында әңгіме өткізу	қаңтар	Әңгіме	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
7	«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты іс шара өткізу	ақпан	Іс шара	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
8	«Қыз баланың бой жетуі» тақырыбында 7-10 сынып қыздар арасында жиын өткізу	наурыз	байқау	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
9	«Ерте жүктіліктің алдын алуы» жиналыс өткізу «Жыныстық қарым-қатынас арқылы жұғатын аурулар» слайд көрсету	Сәуір	Жиналыс баяндама	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова
10	Жылдық қорытынды жиналыс «Озар елдің қызы мінезді келеді» дөңгелек үстел	мамыр	Жиналыс Дөңгелек үстел	ДТЖО: Ж. Бұхарбаева Мед. Г. Шынаева Қыз.төр: З. Мұсабаева Психол: А. Алимбекова


Дайындаған ДТЖО:  Ж. Бұхарбаева

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Баяндама

Тақырыбы: « Қызға қырық үйден тыйым»

2023-2024 оқу жылы



Мектебімізде 19.09.2023ж күні Келес АПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы полиция майоры Есенкулова Эльмира Қанатқызының қатысуымен қыздар жиналысы болып өтті. Онда отбасындағы зорлық зомбылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу және түрлі күндік жұмыстарға шықпау мәселелері сөз болды.

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Баяндама

Тақырыбы: « Қызға қырық үйден тыйым»

2023-2024 оқу жылы



" N40 Ғ. Мұратбаев атындағы жоббм" КММ "Тұрмыстық зорлық- зомбылықтың алдын алу" және "Ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбында 8-11 сынып аралығында қыздар жиналысы болып өтті. "Қызды қырық үйден тыю", "Ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыптарында аға тәлімгер қыздар жиналысының төрайымы Мусабаева Злиха апай баяндама оқып шықты. Жеке гигиена бойынша мектеп медбикелері Шынаева Гүлмирамен Байназарова Мадина апайлар түсіндірме жұмыстарын жүргізді. "Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша" "Көкбұлақ" ДЕ акушер маманы Досмұратова Қатира апай жатығымен түсіндірді. Ерте жүктілікті алдын алу бойынша мектеп және "Көкбұлақ" ДЕ психологтары Бабышова Динара мен Абдыкадырова Айнұр апайлар оқушылардан сауалнама алды. Әртүрлі мәселелер бойынша ДТІЖО Бұхарбаева Жанар апай оқушылардың тәрбиесі сабаққа келуін және формасы жайында айтып өтті. Аталған мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қыз- болашақ ана, еліміздің ертеңі болашағы, ес кіргеннен бастап оң солын танып, етек жеңін жинап жүру керектігі, жеке бас гигиенасын сақтап, бойларын таза ұстау керектігі т.б мәселелер айтылды.

Мақсаты: Қыз-сұлулық пен ақылдың белгісі. Ұлтқа келер ұят пен ардың өлшемі. Қыз- қазақтың мақтанышы. Бағымызды бағалай білейік.

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қыздар жиналысының Хаттамасы 2

Ғ. Мұратбаев ауылы

08.10.2023ж

Қатысқаны:

8,9,10,11 сынып қыздары

Күн тәртібі:

1. Ерте жүктілікті алдын алу
2. Баяндама «Қыздардың жеке гигиенасы», «Қыз тәрбиесі- ұлт тәрбиесі»
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Ол өз сөзінде қазақ халқының қызға қатысты әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте аяулы ана, асыл жар, шаңырақтың құт берекесін екендігін ұғындырып, әдептілікке сыпайылыққа ар тазалығын жоғары ұстау керектігін және күн тәртібіндегі басты мәселе салауатты өмір салтын қалыптастыру мен мектеп жасындағы қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу екендігін айтып, сөз кезегін мектеп медбикесі Г. Шынаеваға берді.

Сөз алған Г. Шынаева оқушы қыздарға ерте жүктіліктен салдары қандай болатындығы, оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп қатері туралы сөз қозғады. Қыз баланың жеке гигиеналық тазалығын сақтай білуге үйрету, зиянды әрекеттер туралы теріс көзқарастарын қалыптастыру жайлы түсініктемелер мен хабарламалар жасай отырып, «Қыздардың жеке гигиенасы» баяндамасын оқыды.

Әртүрлі мәселелер бойынша мектеп тәлімгері З. Мұсабаева кешкі мезгілде көшеге шықпау, бөгде адамдармен сөйлеспеу, әлеуметтік желілерді тиімсіз пайдаланбау және тиым салынған сайттарға кірмеу керектігін түсіндірді. Қыз тәрбиесі бойынша мектепте атқарылып жатқан іс шаралар мен ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстар жайлы айтып өтті.

Қаулы етеді:

1. Ерте жүктілікті алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың күн тәртібіндегі қаралған мәселелер жүйелі түрде қадағалансын.
2. Мектеп медбикесі Г. Шынаеваның баяндамасы қанағаттанарлы деп табылсын.

Жиналыс төрайымы:  Ж. Бұхарбаева

Хатшы:  З. Мұсабаева

Мектебімізде "Медицина қызметкерлерімен кездесу күні" болып өтті.

Жиынға мектеп мейірбикесі Шынаева Гүлмира апай қатысып "Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі" туралы әңгіме қозғады.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру,ерте жүктіліктің алдын алу, жасөспірімдер гигиенасы туралы түсінік беру.



«№40 Г. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қыздар арасында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Г. Мұратбаев ауылы

20.12.2023ж

Қыздар : 8-11 сынып

Күн тәртібінде:

1. «СПИД XXI ғасыр дерті» (баяндама) мектеп медбикесі Г. Шынаева
2. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Директордың тәрбие жөніндегі орыбасары Ж. Бұхарбаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Бүгінгі тақырыбымыз «СПИД - XXI ғасыр дерті» осы екі тақырып екенін айта келе, соңғы жылдары жер шары халықтарының назары ғасырдың індеті аталғанын білесіңдер. Бұл дерт мыңдаған адамдардың өмірін жойған қатерлі ауру екендігін айтып өтті.

Сөз алған мектеп медбикесі Г. Шынаева «СПИД - XXI ғасыр дерті» атты баяндамасын оқыды. Және де түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Келесі сөзге қыздар кеңесінің төрайымы З. Мұсабаева сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болу керек. Оқушыларымыздың күнделікті жүрісіне мән беруіміз шарт, сабаққа қатысуын қадағалап отыру және де мектеп формасын қадағалау, санитарлық тазалықты бақылау керектігін айтып өз сөзін аяқтады.

Қаулы етеді:

1. Г. Шынаеваның «СПИД - XXI ғасыр дерті» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлы деп табылсын
3. Ұстаздардың берген ақыл –кеңестері қанағаттанарлы деп табылсын.

Мектеп қыздар кеңесінің төрайымы :  - З. Мұсабаева
Хатшы:  А. Абдыкадырова

«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» және «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында өткізілген қыздар жиналысының

Хаттамасы

17. 01. 2024ж

Қатысқандар: ДТҰЖО Ж. Бұхарбаева, қыздар кеңесінің төрайымы


З. Мұсабаева, педагог-психолог А. Абдукадырова, мектеп мейірбекелері
Г. Шынаева мен М. Байназарова, «Көкбұлақ»ДЕ психологы Д. Бабышева,
әлеуметтік қызметкері Л. Алтеева, «Көкбұлақ» ДЕ акушер-гинекологы К.
Досмұратова.

7-11 сынып қыздары. Жалпы саны 207 оқушы, қатысқаны 178 оқушы

Күн тәртібінде:

1. «Қызды қырық үйден тыю», «Ерте жүктіліктің алдын алу» баяндама аға тәлімгер З.Мұсабаева
2. Жеке гигиена бойынша түсіндірме жұмыстар мектеп мейірбикелері Г.Шынаева, М. Байназарова
3. «Ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша түсіндірме жұмыстар акушер маман К.Досмұратова
4. Ерте жүктілік бойынша қыздарға сауалнама мектеп педагог-психологы А. Абдукадырова, тұрмыстық зорлық –зомбылық бойынша сауалнама «Көкбұлақ»ДЕ психологы Д.Бабышева.
5. «Көкбұлақ»ДЕ социологы Л. Алтеева қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу, жыныстық тиіспеушілігі мәселесі бойынша айтып өтті.
6. Әр түрлі мәселелер бойынша ДТҰЖО Ж.Бұхарбаева әңгіме жүргізді

Тыңдалды: Аталған мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді . Қыз-болашақ ана, еліміздің ертенгі болашағы, ес кіргенен бастап оң солын танып,етек-жеңін жинап жүру керектігі, жеке бас гигиенасын сақтап, бойларын таза ұстауы керектігі т.б мәселелер айтылды. Мектеп мейірбикелер және «Көкбұлақ» ДЕ гинекологы К.Досмуратова ерте жүктіліктің қауіптілігі мен алдын алу жолдары, жыныстық қарым-қатынас жайында түсіндіріп, кеңінен тоқталып өтті.



«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қыздар жиналысының
Хаттамасы 6

Ғ. Мұратбаев ауылы

07.02.2024ж

Қатысқандар:

8,9,10,11 сынып қыздары

Ақтөбе ауылдық округіне қарасты аналар кеңесінің төрайымы Т.Серғазиева

Әжелер төрайымы Қ. Нұрбекова

«Ақ әжелер» тобының мүшесі Ш. Жанибекова

Күн тәртібі:

1. «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» баяндама мектеп психологы А. Абдықадырова
2. «Қызға қырық үйден тиым»
3. Ерте жүктілікті алдын алу
4. Кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуы
5. Өртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Бұхарбаева бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырды, жәнеде бүгінгі жиналысқа қатысып отырған әжелерімізбен таныстырды. Атап айтар болсақ Ақтөбе ауылдық округіне қарасты аналар кеңесінің төрайымы Т.Серғазиева, әжелер төрайымы Қ. Нұрбекова, «Ақ әжелер» тобының мүшесі Ш. Жанибекова апаларымыз бүгінгі жиналысымызға қыздарымызға насихат сөздерін, жақсы тәрбиелерін айту үшін қатысып отыр. Мектеп психологы А. Абдықадырова дайындаған «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» баяндамасын оқыды.

Кезектегі сөзді әжелер төрайымы Нұрбекова Қарсыгүл апамызға берді. Ол өз сөзінде бүгінгі жоғарыда аталған мәселелердің барлығына тоқталып өтті. Қазақ халқының қызға қатысты әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте аяулы ана, асыл жар, шаңырақтың құт берекесін екендігін ұғындырып, әдептілікке сыпайылыққа ар тазалығын жоғары ұстау керектігін және күн тәртібіндегі басты мәселе салауатты өмір салтын қалыптастыру мен мектеп жасындағы қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу екендігін айтты

Келесі сөз кезегін Ақтөбе ауылдық округіне қарасты аналар кеңесінің төрайымы Т. Серғазиеваға берді. Ол өз сөзінде жалпы ұлттық тәрбие жайлы түсіндіріп, оның ішінде қыз тәрбиесі басты назарда екенін айтып өтті. Бүгінгі қоғамда болып жатқан өзекті мәселелер бойынша сөз қозғап, қазақ қыздарының етек-жеңін жиып, ашық шашық киінбей, айтқан әрбір сөздеріне мұқият болу керектігін айтып өз ақылтәжірибелерімен бөлісті.

Сөз алған «Ақ әжелер» тобының мүшесі Ш. Жанибекова «Қызға қырық үйден тиым» мән мағынасын ашып түсіндіріп, қыздарды сыпайылыққа, инабаттылыққа шақырды.

Оқушы қыздарға ерте жүктіліктен салдары қандай болатындығы, оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп қатері туралы сөз қозғады. Қыз баланың жеке гигиеналық тазалығын сақтай білуге үйрету, зиянды әрекеттер туралы теріс көзқарастарын қалыптастыру жайлы түсініктемелер мен хабарламалар жасады.

Мектеп медбикесі Г.Шынаева бүгінгі таңда етек алып бара жатқан ерте жүктіліктен сақтану, қыз баланың жалпы ағзадағы өзгерістер, сырт келбеттегі өзгерістер, дұрыс жуыну, алғашқы етеккірдің тазалық шарттары туралы түсіндіріп өтті.



"N40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ 07.02.2024 жылы 8-11 сынып қыздарымен "Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі" тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиынға Ақтөбе ауылдық әкімшілігіне қарасты аналар кеңесінің төрайымы Серғазиева Айзада апа және "Ақ әжелер" тобының мүшелері Нурбекова Қарсыгүл апа Жанибекова Шарапат апалар қатысты.

Мақсаты: Ерте жүктіліктің, зорлық-зомбылықтың алдын алу;
Қыздарды имандылыққа, инабаттыққа тәрбиелеу.